

## Ақмола облысы Ерейментау ауданы "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № a-9/480 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 қазанда № 4402 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № a-4/152 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 20.04.2016 № a-4/152 (қол қойылған күнінен бастап күшінен енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесіне сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданы "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы 3.Б. Жұсіповаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау ауданының әкімі*

*E.Нұғыманов*

Ерейментау ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ a-9/480 қаулысымен  
бекітілді

**Ақмола облысы Ерейментау ауданы "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты"  
мемлекеттік мекемесі туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданы "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауыл әкімінің ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме егер заңнамага сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен Ақсуат ауылы әкімімен ресімделетін шешімдер мен өкімдерді қабылдайды.

7. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 020806, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ақсуат ауылы, Бөгенбай батыр көшесі, 18 үй, 1 пәтер.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - Ақмола облысы Ерейментау ауданы "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме қызметін қаржыландыру респубикалық және жергілікті бюджеттерінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (сметасынан) жүзеге асырылады.

12. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік

субъектілерімен Ақсуат ауылы әкімі аппаратының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің миссиясы: тиісті аумақтарды дамытудың мұдделерімен және қажеттіліктерімен байланысып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізу.

14. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің негізгі міндеттері: ауыл әкімінің қызметін ұйымдастырушылық және құқықтық қамтамасыз ету болып табылады.

15. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің атқаратын міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет егемендігін, Конституциялық құрылышын қорғау және бекіту, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету саясатын жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Зандарын, Президент пен Үкімет актілерінің, облыс, аудан және ауыл әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің мінсіз орындалуын ұйымдастырады;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын жүзеге асырады;

4) ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерінің талдауын жүргізеді, тиісті ұсыныстар дайындаиды;

5) мемлекеттік органның жұмысына объективті талдау жасайды, ауыл әкімнің қатысумен шешімді қажет ететін маңызды мәселелерді анықтайды;

6) заң және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелеріне, мемлекеттік және еңбек тәртібін, қоғамдық тәртіпті бекітуге көмектеседі;

7) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарайды, оларды қабылдауды ұйымдастырады;

8) мемлекеттік және орыс тілдерін дұрыс қолдануға бағытталған шараларды, іс жүргізу ережелерінің сақталуын, мемлекеттік орган жұмысының тәсілдері мен әдістерін жақсартуды жүзеге асырады.

16. Өз міндеттерін жүзеге асыру үшін "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің құқықтары мен міндеттері:

- 1) Өз құзыреттігі шегінде мемлекеттік органдар мен басқа да үйымдардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттарды, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;
- 2) мемлекеттік көліктерді, байланыс жүйелері мен коммуникацияларды пайдалану;
- 3) мамандарды жұмысқа тарту, оның ішінде құқық қорғау, қаржы, салық және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін шарт негізінде;
- 4) мемлекеттік билік органдары қызметінің құрылымын жетілдіру бойынша аудан әкіміне ұсыныстар енгізу;
- 5) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, еңбек шарттының, олармен шығарылған актілердің талаптарын сақтау;
- 6) қызметшілерді кәсіби дайындау және қайта дайындау және біліктіліктерін жетілдіруді қамтамасыз ету.

### **3. Мемлекеттік органдың қызметін үйымдастыру**

17. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауыл әкімі жүзеге асырады.

18. Ауыл әкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізуіндік кейбір мәселелері туралы Ережесіне сәйкес лауазымға тағайындалады, өкілеттілігі тоқтатылады және лауазымынан босатылады.

19. Ауыл әкімі:

- 1) мемлекеттік орган мамандарының міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;
- 2) заңнамаға сәйкес ауыл аппаратының қызметкерлерін тәртіптік жазаға тартады;
- 3) мемлекеттік органдарға және басқа үйымдарда ауыл әкімі аппаратының мұддесіне өкілдік етеді;
- 4) сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған, шаралар қабылдау және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін жеке жауапкершілік атқарады;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ауыл аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалауға құқылы;

6) зандарға сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармақта өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Ерейментау ауданы өкімдігінің 22.06.2015 № а-6/323 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

20. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында мүлкі болуы мүмкін.

"Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, ауыл әкімінің аппараты өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. "Ақсуат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.